

7. Опарина, Я.О. Развитие познавательного интереса и учебной мотивации через внедрение модели персонализированного обучения / Я.О. Опарина, О.А. Шабанова // Вестник Шадринского государственного педагогического университета, 2020. – № 4(48). – С. 69-72.

8. Kabysheva, Mariya. (2023). Таксономия Блума и критическое мышление в педагогическом образовании. Bulletin of Kazakh National Women s Teacher Training University. 3. 37-48. 10.52512/2306-5079-2023-95-3-37-48.

9. Подымова, Л.С. Персонализированное обучение в системе качества педагогического образования / Л.С. Подымова, Д. Шуюй // Вестник Набережночелнинского государственного педагогического университета, 2021. – № S2-1(31). – С. 233-236.

ӘОЖ 373.1

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Асилбек А.Ж., Асетова Ж.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі жаңа Қазақстанды құру жағдайында адамзаттық, ұлттық ізгіліктер мен құндылықтар жүйесін жаңадан ойлап табуы емес және қайта бағалауды емес, есесіне, қазақстандық құндылықтар жүйесін басқаша етін құру жолдарын қарастыру қажеттілігі артып отыр. Ал бұл білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір оқушысының ғылыми тұрғыдан негізделген ізгілік мазмұнындағы білім алуын қамтамасыз етуді, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын талап етеді.

Осыған байланысты білім беру мазмұнын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, әр уақытта сөйлеген сөздерінде заманауи педагогиканың даму бағдарлары ұлттық құндылықтар тұрғысында қарастырылу керектігі көрсетілген. Президент осы саладағы міндеттерді: «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, дінгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс», – деп атап көрсетті. Сонымен қатар «Отандық білім саласы туган жеріне, қоршаған ортаға, өз тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі» тиіс екені міндеттелген. Осы белгіленген міндет өз кезегінде жас ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында және Біртұтас тәрбие бағдарламасында қазақстандық білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін дамыту, қазақстандық патриотизмге, жоғары мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу, зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету, үздік практикалар негізінде білім алушылардың, білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу, жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету отандық білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде көрсетіледі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) бастауыш білім беру мазмұнына, оның ішінде күтілетін оқыту нәтижелері мен құндылықтарға қойылатын талаптарды айқындайды.

Бұл білім беру жүйесінде рухани құндылықтарды қалыптастыруға жоғары деңгейде басымдық берілгенін көрсетеді.

Рухани құндылықтарды қалыптастыру кешенді дамуға, мәдени контекстке және белсенді қатысуға баса назар аударатын әртүрлі теориялық негіздерге сүйенетін күрделі процесс болып табылады. Бұл процесс білім беруді, тәрбиені, дамуды және қалыптастыруды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Бұл кешенді көзқарас тез өзгертін әлемде еркін бағдарлана алатын, өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі дамытатын және терең білім мен кәсіби дағдыларға негізделген дұрыс, моральдық жауапты шешімдер қабылдай алатын салауатты тұлғаны дамытуға бағытталған.

Бүгінгі ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілік, әдеп-иба, қайырымдылық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау мен құрметтеу қасиетін дарыту - олардың өз еліне өгей тартып

кетпеуінің басты шарты.

Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде де өзекті мәселе болып келді.

Бастауыш білім оқушыларының рухани құндылықтарын қалыптастырудың мазмұны жалпы адам құндылығын жоғарылату қажеттілігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды.

Оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Бастауыш сынып кезеңі – тұлғаның адамгершілік, эстетикалық, еріктік және рухани-мәдени қасиеттерінің іргетасы қаланатын аса маңызды даму сатысы. Бұл кезеңде білім, білік, дағды мен тәрбиенің бірлігі оқушының дүниетанымын қалыптастырып, рухани құндылықтарға бағдарлануына ықпал етеді. Құндылықтарды қалыптастыру тек нақты пәндер арқылы ғана емес, сонымен қатар жалпы мектеп ортасы, мұғалімдердің мінез-құлқы, құрдастар арасындағы өзара әрекеттесу және пәндердің қалай ұсынылатыны арқылы да жүзеге асырылады.

Осы тұрғыдан бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары:

1. *Танымдық белсенділік арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру.*

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру — олардың рухани дүниесін байытуға ықпал ететін маңызды алғышарт:

- Сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың өзара бірлігін қамтамасыз ету қажет;
- Интеллектуалды жарыстар (олимпиадалар, пән апталықтары, викториналар);
- Клубтық-үйірмелік жұмыстар (дискуссия, театр, музыка студиясы);
- Мәдени іс-шаралар (музей, театр, кітапханаға бару) арқылы рухани таным көкжиегін кеңейту.

Бұл іс-әрекеттер оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдауға жағдай жасайды.

2. *Оқушының гуманистік қатынасын қалыптастыру – рухани-адамгершілік дамудың негізі.*

Оқушының өзіне, өзгеге, қоршаған ортаға деген гуманистік қатынасын қалыптастыруда тұлғаның мынадай нышандары дамытылады:

- Тұлғалық сезім – мейірімділік, сезімталдық;
- Тұлғалық сана – моральдық нормаларды саналы түсіну;
- Тұлғалық ойлау – бағалау, талдау, шешім қабылдау;
- Тұлғалық ерік – сенімін іске асырудағы табандылық.
- Әдебиет, өнер, этика пәндері мен халық ауыз әдебиеті арқылы рухани ойлау жүйесі қалыптасады.

- Әдеп пен этикалық мазмұндағы тәрбиелік әңгімелер тұлғалық қасиеттерді тереңдете түседі.

3. *Өзін-өзі жетілдіруге бағытталған ішкі қажеттілікті дамыту.*

- Өзін-өзі тәрбиелеу мен жетілдіру – оқушының ішкі мотивациясы мен рухани өсуінің көрсеткіші.

- Мектепте келесі жұмыстар ұйымдастырылуы тиіс:
- Психологиялық қолдау мен консультациялар;
- Қызығушылық пен ерік-жігер диагностикасы (социометрия, жобалық тапсырмалар);
- Өзін-өзі бақылауға арналған шығармашылық тапсырмалар (эссе, күнделік, сахналық көрініс).
- Әдеби-музыкалық кештер, дөңгелек үстелдер, диспуттар — оқушының тұлғалық өсуіне түрткі болады.

4. *Тұлғалық қасиеттерді дамыту – рухани тәрбиенің өзегі*

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері:

- Ішкі сипаттар: адалдық, кішіпейілділік, қайырымдылық, еңбекқорлық;
- Әлеуметтік қасиеттер: жауапкершілік, достық, шыншылдық, ұжымшылдық;
- Ерік сапалары: табандылық, өзін-өзі ұстау, жүйелілік.
- Құндылықтардың үлгісі ретінде үлкендердің өнегесі, құрдас ортасы, қоғамдық пікір әсер етеді.

- Өзін-өзі тәрбиелеу интеллектуалды, эмоционалды және еріктік компоненттердің үйлесімімен жүзеге асады.

5. *Қарым-қатынас мәдениеті – тұлғалық дамудың көрсеткіші.*

- Бастауыш сынып оқушыларының құрбы-құрдастарымен өзара әрекеті – тұлғалық дамудың маңызды құрамдас бөлігі.

- Оқушының дүниетанымы мен рухани құндылықтарының қалыптасуы оның ұжымдағы рөлі мен әлеуметтік тәжірибесіне тікелей байланысты.

- Мұғалімнің міндеті – оқушының даралығын, қабілетін, қызығушылығын, қарым-қатынас стилін нақты өмірлік жағдайларда зерттеу мен дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани құндылықтарын қалыптастыру — кешенді және жүйелі түрде ұйымдастырылатын, тұлғаның ішкі әлеміне бағытталған педагогикалық үрдіс. Бұл үдерісте білім беру мен тәрбиелеу тығыз бірлікте жүзеге асырылып, оқушының танымынан мінез-құлқына дейінгі әрбір қабаты мақсатты түрде жетілдіріледі. Рухани бай, адамгершілігі мол, белсенді тұлғаны қалыптастыру — қазіргі мектептің басты мақсаты.

Бастауыш білім алушыларының тұлғалық өрісін, оның оқу іс-әрекетінде және басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесінде моральдық нормаларға сәйкес мінез-құлқын тәрбиелеу жеке тұлға дамуының басты көрсеткіші болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim және Gulum» атты тамыз конференциясының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзі https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysv-kasym-zhomart-tokaevtyv-bilim-jne-ylvm-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlvk-otyrsvnda-soilegen-sozi 16.08.2019.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2024 жылдың 1 сәуіріндегі өзгерістермен толықтыруларымен.) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.

3 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы). -Астана: 2024.

4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>.

5 Касымова Р., Жүзей М. Жас ұрпақ бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудағы Абай әлемі //Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2018. – Т. 14. – №. 2. – С. 37-42.

6 Тлеуберлинова Э. Б., Мухаметжанова А. О. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2024. – Т. 72. – №. 1.

7 Камиева А. Г., Сапашева К. Х. Сыныптан тыс жұмыстар жүйесінің рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы мүмкіндіктері //Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. –С. 208.

ӘОЖ 378.1

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БУЛЛИНГТІҢ КӨРІНУІ

Атемова Қ.Т., Мырзапеисова М.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Бүгінгі әлеуметтік ортада жасөспірімдер арасында өзара қысым көрсету мен әлімжеттілік құбылыстары көбейіп бара жатқаны шындық. Ғылым тілімен айтқанда жасөспірімдер арасындағы буллинг өзгеге қысым жасаудың заманауи тәсілі ретінде жиі көрініс табады деуге болады. Буллингке (қорқытуға) кез келген адам, кез келген ортада бетпе-бет келуі мүмкін. Нақты айтатын болсақ, жасөспірімдер мен ересектер колледжде, жоғары оқу орындарында, мектепте немесе жұмыс орындарында және т.б. мекемелерде жасына, жынысына қарамай буллинг және кибербуллингтің құрбаны болуы мүмкін [1].